Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 32-33

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИСТІК МҮМКІНШІЛІКТЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Онбосын Ж.Т., Шоқатова Ғ.Ш.

Қазақстан Республикасы шетелдік азаматтарға тартымды турист-тік орталық болып табылады. Еліміз 1993 жылы бүкіләлемдік туристтік ұйымның құрамына кірді. Көптеген мемлекеттердің үкіметі Қазақстанды болашағы зор және өте бай туристтік потенциалға ие серіктес деп санайды және де туризм сферасындағы екіжақты және көпжақты серіктестік туралы келісім жылдан жылға ұлғайып келеді.

Жыл сайын аймақтар және елдер арасындағы іскерлік,мәдени және ғылыми байланыстар қарқынды болып келе жатыр.Туризмнің дамуы – бизнестің ажырамас бір бөлігі; ұлттық экономикаға өз әсерін тигізе отыра, әлемдік нарық интеграциясына да ықпал етеді.Туризмнің қай түрі болмасын мемлекет үшін табысты,әрі әлемдік аренаға өзін танытуға қолайлы мүмкін-дік.

Туризм әлемдік экономиканың алдыңғы қатарлы, бірқалыпты да-мып келе жатқан саласы болып саналады. Ұлттық экономиканы дамытуда маңызды рөл атқарады–оның әлемдік нарықтағы интеграциясына ықпал ете-ді.

Жобаның мақсаты:

- Астанадағы туризмнің даму деңгейі мен оны дамыту мүмкіншіліктерін анықтау;
- Туризмді дамытудың басты мүмкіншілігі халықаралық деңгейде өтетін іс-шараларды саралау(EXPO-2017 мысалы негізінде);
- Туристік нышандармен осы салада атқарылатын іс-шаралардың қаланың геоэкологиясына әсерін анықтау;
- Туризмнің Астана қаласының геоэкологиясына әсерінің осал жақтарын анықтап, себебін зерттеп, жою жолдарын қарастыру.

Жобаның міндеті:

- Қажетті мәліметтер жинау;
- Мәліметтер жинақтау үшін тиісті орындармен байланыс орнату;
- Мүмкіндігінше туризм бойынша атқарылатын іс-шараларға қатысу;
- Жинақталған мәліметтерді жүйелеу, сараптау арқылы ұсыныстар енгізу.